

#### Әдебиеттер:

1. Коммерциялық банк қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау әдістемесі /А. В. Кашин //Аймақтық экономикадағы студенттердің экономикалық әлеуеті: XIII университет аралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / ғылыми. ред. Н. Л. Будахина. - Мәскеу, 2019.
2. Коммерциялық банктердің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың шетелдік әдістерін салыстырмалы талдау / Г.Г.Мурзагулова // . – 2019.

**Ахметов Е.Ж.,** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті, Ю-10К, студент  
(*Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова К.Т.*)

### АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛ МҰРАТЫ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген отыз жылдың ішінде батыстық өркениеттің жемісі болып табылатын, әлем халықтарының асыл мұратына айналған құқықтық мемлекет қалыптастыру ниетіне беріктігін көрсетуде. Әділеттілікке негізделген мемлекетке қол жеткізу әлем қауымдастығының ежелден келе жатқан ізгі мақсаты. «Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанның алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады» - деген Күлтегін атамыздың нақыл сөзі заманауи кезеңде өзектілігімен танылуда.

Тарихтың тылсым белестерінде ғұлама ғалымдарды тамсандырған әділ заңға негізделген, халыққа жағымды саяси ұйым қандай сипатта болуы тиіс? Бұл сұрақтың жауабын саяси және құқықтық ілімдердің дамуына еңбегі сіңген ойшылдардың көзқарастарына сүйене отырып, іздестіріп көрейік,

«Мемлекет – кез келген адамдардың бірлестігі емес, құқықтары мен мүдделестіктері тұрғысынан біріккен адамдардан құралған саяси құрылым» - деген ежелгі римдік құқықтанушы Цицеронның көзқарасы заманауи құқықтық мемлекетке берілген алғашқы түсініктеме еді [1,38]. Көне дәуір ойшылдарын толғантқан үлгілі мемлекет жобасы қазақ даласында өзінің жүйрік желмаясына мініп, халықтың бақытты өмір сүретін жерұйықты іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші Қорқыт Ата бейнесінде келеді. Оның өмір сүйгіштік дүниетанымы күнделікті күйкі тірліктің шеңберінен шыға білу және адамзат үшін әрбір тіршілік сәтінің құнды екенін ескерту, қайталанбас уақытты қадірлеуге шақыру, сол арқылы өмірді мәңгілік ету идеясын насихаттайды. Қорқыт атаның пайымдауынша, адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалуы керек. Адам үшін ең қауіптісі – адамилықты жоғалту. «Қонақ келмес үйдің қирағаны жақсы, жылқы жемес шөптің шықпағаны жақсы, адам ішпес ащы судың ағысты жылғаларды қумағаны жақсы, атаның атын былғайтын ақылсыз ұлдың тумағаны жақсы» [2,3]. «Адам қанша қажетсінгенімен, ол өз үлесінен артық жей алмайды» – осыдан сан ғасырлар бұрын айтылса да, тағылымын жоғалтпаған дана ойлар...

Құқықтық мемлекеттің негізгі тірегі азаматтық қоғам жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың сан қырлы мүдделері мен талаптарын іске асыру және қанағаттандыру үшін қалыптасқан қоғамдық қатынастардың жиынтығы және содан туындайтын мемлекеттік емес ұйымдардың жүйесі. Немістің ұлы ойшылы Георг Вильгельм Фридрих Гегель: «Азаматтық қоғам – отбасы және мемлекет арасындағы айырмашылық, азаматтық қоғамның дамуы мемлекетке қарағанда кештеу басталады» [3,178]. Демократиялық қоғамда азаматтық қоғамның ролі арта түседі және мемлекеттік басқару жүйесіне тікелей ықпалын тигізеді. Бұл жерде үкіметтік емес ұйымдардың мәні зор. Олардың құрылу және әрекет етуінің негізгі мақсаттары өзіндік қызығушылықтарға байланысты құрылған топтар мен ұйымдардың мүдделерінің жүзеге асырылуына жағдай жасау және мемлекеттің саяси шешім қабылдауына ықпал ету, органдардың функцияларын жақсартуға, тиімділігін арттыруға кеңес беру, ұсыныстар енгізу болып табылады. Азаматтық қоғамның құрамына енген институттар мынандай талаптарға сай болулары қажет:

- құқықтық негізде құрылуы;
- алдына қойған мақсаттары конституциялық құрылымды күштеп өзгертуге шақырмаулары тиіс;
- мақсат, мүдделерін жүзеге асыру барысында экстремистік әрекеттерге жол бермеулері қажет.

Құқықтық мемлекеттің пайда болуы мемлекеттік-құқықтық процестердің ұзақ эволюциясының заңды салдары, реакциялық институттардың орнына озат, прогрессивті және тиімді институттардың ерекше мұқият іріктеліп келгендігінің нәтижесі болып табылады. Мемлекет пен құқық пайда болғаннан кейін ұлы ойшылдар мен ғұлама тарихи тұлғалар билік жүргізуші топтардың басқаруды жүзеге асыруындағы заңсыздық пен бассыз әрекеттерін қатаң сыңға алды. Мемлекеттің шексіз билігін шектеудің тетіктерін қарастырды. Мысалы, ежелгі грек философы Платон «Заң – басқарушыны билейтін, билеуші заңның құлы болған жерде мемлекеттің гүлденіп көркейетіндігіне сенімділігін» білдіреді. Платон өзінің еңбектерінде, қоғамда заң үстемділігі орнауы қажеттігін аса маңызды мәселе ретінде көтереді. Осындай пікірлерді ежелгі заман ойшылдарының еңбектерінде жиі кездестіруге болады.

Джон Локк тұңғыштардың бірі болып «биліктің заңсыз әрекеттеріне қарсылық көрсету заңды» деген тұжырымдаманы ұсынды. Локк мемлекетті табиғи жағдайды тоқтатын жеке тұлғалардың әлеуметтік келісімшартының нәтижесі ретінде қарастырды. Өз замандастарынан айырмашылығы, ол мемлекет пайда болғанға дейін барлығының барлығына қарсы соғысын танымайды және өзін-өзі сақтау принципі қолданылады деп ойламайды. Локк табиғи мемлекет – бұл адамдардың шексіз бостандығы мен тең құқықтары бар өмір деп санайды, олардың ішіндегі ең бастысы – меншік құқығы. Адамдар мемлекеттегі өмірдің пайдасына табиғи күйден бас тартуға келіседі, өйткені олар мемлекетте өмір қауіпсіз екенін түсінеді. Локктың пікірінше, адам меншігіне билеуші қол сұқпайды, керісінше оларды қорғайтын құқықтарға ие. Мемлекеттің маңызды мақсаттарының бірі – меншік құқығын қорғау. Мемлекет әлеуметтік саясатпен айналыспауы және халықтың мұқтаж жіктеріне қолдау көрсетпеуі тиіс. Локк мемлекет жеке адамдарға өздерінің табиғи құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін бере отырып, табиғи мемлекеттің кемшіліктерін жояды деп есептесе, Гоббс басқа көзқараста болды, жеке адамдар өздерінің табиғи құқықтарын егемендік пайдасына жүзеге асыру мүмкіндігі бар деп есептеді. Гоббс билікті бөлу тұжырымдамасын сынаса, Локк, керісінше, адамның табиғи құқықтарын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік билікті бөлу қажет деп есептеді [4].

Францияның ірі ойшылы Ш.Л.Монтескье мемлекетте билікті бөлу қажеттілігін демократиялық мемлекеттің ең негізгі іргетасы ретінде жариялады. Билікті бөлудің негізгі мақсаты билікті теріс пайдаланудан аулақ болу еді. Биліктің бөлінуі және өзара қадағалануы, Монтескьенің пікірінше, оның мемлекеттік құрылымға деген қарым-қатынасында саяси бостандықты қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Оның көзқарасы бойынша, азаматтардың бостандығы туралы тек республика мен монархияға қатысты айтуға болады, өйткені мұнда саяси билік заңға бағынады. Бірақ құқықтық өлшемі, бұл билік қана емес, сонымен бірге саяси бостандық. «Саяси бостандық, - дейді философ, - бұл сіз қалаған нәрсені жасау туралы емес. Мемлекетте, яғни заңдар бар қоғамда тек қалаған нәрсені жасай алады және қажет емес нәрсені жасауға мәжбүр болмайды. Бостандық заңмен рұқсат етілген шекте барлық нәрсені жасау». Неміс философы И.Кант мемлекетті «құқықтық заңдарға бағынатын көптеген адамдардың бірлестігі» ретінде қарастырды. Мемлекеттің игілігі, Канттың пікірінше, мемлекеттік жүйенің құқықтық принциптермен жоғары үйлесімділігінен тұрады және категориялық императив арқылы ақыл бізді осындай үйлесімділікке ұмтылуға міндеттейді. Құқықтық категориялық императив (Кант оны моральдық бостандық заңы деп атады) борыш сезіміне негізделген және оны келесідей тұжырымдауға болады: егер бұл әрекет моральдық заңға құрметпен жасалса ғана моральдық болады. Құқықтық мемлекеттіліктің бірқатар іргелі қағидаларын әзірлеген Кант болатын: қоғамның әрбір мүшесінің тұлға және азамат ретіндегі бостандығы мен тәуелсіздігі; мемлекеттің жеке өмірге араласуын шектеу; мемлекет пен қоғамның заңмен байланысы; халық, қоғам, мемлекет өміріндегі заңдылық. Жалпы алып қарағанда мемлекеттің құқықтық негізде құрылуын Кант идеялық мағына дәрежесінде ұсынды. Қабылданған заңдардың құқықтық қағидаларға сай келуін талап етуі оны ұлы ойшылдар санатына жатқызады.

XX ғасырдың басында Ресей университетінде білім алған қазақ зиялылары Еуропаның, АҚШ-тың демократиялық құқықтық құжаттарын ой-саналарына сіңіргендіктен, өздерінің ой-тұжырымдарында алдыңғы қатарлы идеялардың қазақ даласына енгізілуін қалады. Қазақстанның саяси-құқықтық ой пікірінде адам құқықтарының мызғымастығы, тиімді қорғалуы туралы идеялар негізінде XX ғасырдың басында тұңғыш рет «Қарқаралы петициясында» (1905) өзінің шешімін тапты [5,2]. Адам құқықтарының табиғи екені және олардың ең жоғарғы құндылық болуы қажеттілі туралы 1911 жылы ірі реформатор, Қазақстанның тұңғыш Конституциясының авторы, қоғам қайраткері, демократ, отарлық саясатқа қарсы белсенді

күрескен Барлыбек Сыртанов өзінің «Қазақ елінің уставы» еңбегінде нақтылы, концептуалды деңгейде жариялады. «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамдарды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон һәм құдай алдында жауап береді. Қазақ елінде адам балалары бостандықта, теңдікте бақытты өмір сүруге құқы бар». Өз еңбегінде Еуропа ойшылдарының прогрессивті идеяларын қазақ қоғамына жеткізу қажет екенін дәлелдеді. Билікті бөлу теориясын мына мағынада береді: «Қазақ елінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады» [6, 135-136].

Құқықтық мемлекетке сипаттама беру барысында оның өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан мемлекет ретінде қалатынын естен шығармауымыз керек. Құқықтық мемлекет жәй мемлекетке бір белгілерімен ұқсас болғанымен, айырмашылықтары бар: Мемлекетте билік шексіздігімен сипатталса, құқықтық мемлекетте құқық үстемдігі танылады; Мемлекет қоғамнан алшақ кетсе, құқықтық мемлекетте азаматтық қоғам мемлекет әрекетін бақылап отырады; Мемлекет өз тарапынан азаматтарға бассыздық пен күштеуден қорғауға толық кепілдік бере алмаса, құқықтық мемлекетте адам құқықтары мен бостандықтары шынайы түрде қорғалады. Негізінен, құқықтық мемлекет түсінігі - адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз етуге жағдай жасайтын, мемлекеттік билікті құқық көмегімен шектейтін, құқық үстемділігіне негізделген саяси ұйым. Құқықтық мемлекет мәнінің екі жағын ажыратып көрсетуге болады. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету, жеке тұлға үшін құқықтық көтермелеу режимін қалыптастыру – құқықтық мемлекеттің әлеуметтік мазмұндық жағы. Мемлекеттік билікті құқықтық көмегімен шектеу, мемлекеттік құрылымдар үшін шектеу құқықтық режимін қалыптастыру – формальді заңды жағы. Құқықтық мемлекеттегі мемлекеттік биліктің егемендігі ел ішінде барлық азаматтарға және олардың құратын мемлекеттік емес ұйымдарына қатысты жоғарылықпен, сыртқы саясатты жүргізудегі өзге мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан тәуелсіздікпен сипатталады. Құқықтық мемлекеттің айрықша белгілері қатарында мемлекет пен тұлға арасындағы өзара жауапкершілік, қоғамдық өмірдің барлық салаларында құқықтық заңның үстемділігі, құқық үстемдігі, азаматтық қоғамның болуы, биліктің тәуелсіз тармақтарға заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі, қоғамда жоғары дәрежеде құқықтық мәдениеттің қалыптасуын атауға болады. Жалпы айтқанда, құқықтық мемлекет – мемлекетте ізгілендіру, адамгершілік, теңдік, бостандық идеяларының құқықтық қағидаларға ұласып, құқық үстемдік еткен, бассыздық пен заңсыздыққа жол бермеу үшін биліктің барлық тармақтарын арнайы тетіктермен тежеу арқылы адам құқықтарының тиімді қорғалуын білдіретін саяси ұйым.

Құқықтық мемлекет мәнінің бірінші жағы басқа мемлекеттер тәріздес, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабында: «мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген [7, 1]. Құқықтық мемлекет өзінің ең басты мақсаты – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіндік беруді кепілдендіруді үздіксіз іске асырып отыруға тиісті. Құқықтық мемлекет құру ұзақ мерзімді және ауыр жол. Біз, келер ұрпақ өткен зиялылардың, ірі қайраткерлердің ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибелеріне жүгіне отырып, құқықтық мемлекет қалыптастыру жолында күш-жігерімізді, білімімізді аямай өзіндік үлес қосуымыз қажет. Өзімізді заңсыздықтан тыя отырып, құқықтық мемлекетке жетуге болады.

#### Әдебиеттер:

1. Ахметова Н.С., Байжанова К.Т. Мемлекет және құқық туралы ілімдер. – Қарағанды: ҚарМУ, 2018. – 160 б.
2. Әбікенов Ж. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің тағылымы және тәрбиелік идеялары // Сыр медиа. – 2018. – 19 қараша.
3. Гегель Г.В.Ф. Құқық философиясы. – Алматы, 2009. – 524 б.
4. Локк Дж. Басқару туралы екі трактат // [qamba.codeo.kz/site/book/online/dzhn-lkk-basqarw-twraly-eki-traktat/content/content\\_1.xhtml/](http://qamba.codeo.kz/site/book/online/dzhn-lkk-basqarw-twraly-eki-traktat/content/content_1.xhtml/)
5. Бейсембекова Н., Қадашұлы Е. 1905 жыл. «Қарқаралы петициясы» // Орталық Қазақстан. – 2016 жыл. – 1 қазан.
6. Сыртанов Барлыбек // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – 560 с.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. – 39 б.